**Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 1 сәуірдегі № 43 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды және мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 316 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 9 желтоқсанда № 3706 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 9 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 20.01.2015 № 9 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын басшылыққа ала отырып және «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» 2014 жылғы 18 ақпандағы № 103 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 1 сәуірдегі № 43 «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды және мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3492 тіркелген, 2014 жылғы 10 сәуірдегі «Орал өңірі» және «Приуралье» газеттерінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. «Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (М. К. Оңғарбеков) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық-ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А. К. Өтеғұловқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі* *Н. Ноғаев*

« К Е Л І С І Л Д І »
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрі
__________А.С. Мамытбеков
03.12.2014 ж.

2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 316 Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысымен бекітілген

# Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды және мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

| № | Субсидиялау бағыты | Өлшем бірлігі | 1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге | Субсидиялау көлемі, бас, тонна, мың дана | Субсидия сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| Етті бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы | | | | | |
| 1. | Асыл тұқымды және селекциялық жұмысты жүргізу | | | | |
| 1) | тұқымдық түрлендірумен қамтылған ірі қара малдың аналық мал басы | бас | 18 000 | 62 215 | 1 119 870 |
| 2) | асыл тұқымды ірі қара малдың аналық мал басы | бас | 20 000 | 8 070 | 161 400 |
| 3) | жалпы табындарда етті бағыттағы тұқымдық бұқаларды күтіп-бағу | бас | 104 000 | 272 | 26 416 |
| 2. | Асыл тұқымды және селекциялық ірі қара малды сатып алу | | | | |
| 1) | отандық асыл тұқымды ірі қара мал | бас | 154 000 | 1 205 | 184 330 |
| 2) | импортталған асыл тұқымды ірі қара мал ( Австралиядан, Америка Құрама Штаттарынан және Канададан) | бас | 200 000 | 120 | 24 000 |
| 3) | импортталған селекциялық ірі қара мал ( Ресейден, Белоруссиядан және Украинадан әкелінген асыл тұқымды малды қоса есептегенде ) | бас | 118 000 | 363 | 42 834 |
| 3. | Сиыр етін өндіру үшін мал азығы құнын арзандату: | | | 1 579 | 230 943 |
| 1) | 1-деңгей | кг | 220 | 414,9 | 91 271 |
| 2) | 3-деңгей | кг | 120 | 1164 | 139 672 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4. | Бұқашықтарды субсидиялаудың бірінші деңгейіндегі бордақылау алаңдарына өткізу | бас | 15 000 | 3144 | 47 160 |
| Барлық сомасы | | | | | 1 836 953 |
| Сүтті бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы | | | | | |
| 1. | Селекциялық және асыл тұқымдық жұмысты жүргізу | | | | |
| 1) | асыл тұқымды ірі қара малдың аналық мал басы | бас | 20 000 | 695 | 13 900 |
| 2. | Асыл тұқымды және селекциялық ірі қара малды сатып алу | | | | |
| 1) | импортталған асыл тұқымды ірі қара мал ( Ресейден, Белоруссиядан және Украинадан) | бас | 118 000 | 80 | 9 440 |
| 3. | Сүт өндіру үшін мал азығы құнын арзандату: | | | 1 975 | 38 963 |
| 1) | 1-деңгей | кг | 25 | 934 | 23 339 |
| 2) | 2-деңгей | кг | 15 | 1 042 | 15 624 |
| Барлық сомасы | | | | | 62 303 |
| Жұмыртқа бағыттағы құс шаруашылығы | | | | | |
| 1. | Тағамдық жұмыртқа өндіру үшін азық құнын арзандату: | | | | |
| 1) | 2-деңгей | дана | 2,6 | 69 350 | 180 311 |
| Барлық сомасы | | | | | 180 311 |
| Шошқа шаруашылығы | | | | | |
| 1. | Шошқа етін өндіруге арналған азық құнын арзандату | кг | 98 | 326 | 31 995 |
| Барлық сомасы | | | | | 31 995 |
| Қой шаруашылығы | | | | | |
| 1. | Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу | | | 34 171 | 51 257 |
| 1) | Тұқымдық түрлендірумен қамтылған аналық қой басы | бас | 1 500 | 19 998 | 29 997 |
| 2) | Асыл тұқымдық зауыттар мен шаруашылықтардағы асыл тұқымдық аналық қой басы | бас | 1 500 | 14 173 | 21 260 |
| 2. | Асыл тұқымды тоқтылар мен тұсақтарды сатып алу | бас | 8 000 | 1 240 | 9 920 |
| Барлық сомасы | | | | | 61 177 |
| Жылқы шаруашылығы | | | | | |
| 1. | Асыл тұқымды жылқыларды сатып алу | бас | 40 000 | 35 | 1 400 |
| 2. | Қымыз өндіру үшін азық құнын арзандату | кг | 60 | 19,6 | 1 173 |
| Барлық сомасы | | | | | 2 573 |
| | Барлығы: | | | | 2 175 312 |

Ескерту: аббревиатураның толық жазылуы:
кг – килограмм.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК